

Киіз үй жабдықтары	1. Ұлттық өнерді, соның ішінде бабаларымыздың сұлулық туралы талғамы – киіз үйдің тарихын, жабдықтарын оқушыларға жеткізе білу. 2) Киіз үйдің құрылысы жайлы жұмбақтар шешіп, өлеңдер оқып жаңа сабақты меңгеру. 3. Ұлттық қолөнерді сүйеге үйрете отырып, тәрбиеге бағыттау.	киіз үй макеті, оның жабдықтары, тест карточкалар, сөзжұмбақтар, суреттер.	Көрсету, түсіндіру, айту.
Киіз үй жабдықтары	1) Қазақ халқының ежелгі тұрағы киіз үй туралы мәлімет беру, киіз үй құрылысымен танысу. 2. Жұмыс істеу тәсілдерінде ептілікті дамыту. 3) Ата дәстүрін ұмытпауға, әрқашанда қадірлеуге баулу.	киіз үй жасаулары – суреттер, жұмбақ, киіз үй жасаулары өлеңі.	Көрсету, түсіндіру, айту.
Табиғат тынысы	Туған жердің байлығы орман, тоғай, қорықтар және оны мекен еткен жануарлар, құстар, өсімдіктермен таныстыру, оларға қамқор бола білуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу	Табиғаттын, құстың, өсімдіктердің суреттері	Көрсету, түсіндіру, айту.
Әуен – саз	Музыкалық шығармалардың авторы және айтыс, терме, жыр, күй, ұлттық би өнері туралы тәрбиеленушілерге тереңірек білім беру. Айтыс, терме, жырларды үйрету арқылы ұлттық өнерге деген қызығушылыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу	Әуенді аспаптарың суреттімен ұлттық әуеннің дыбысы	Көрсету, түсіндіру, айту.
Ұлттық ойын. «Хан талапай»	Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын арттыру, қимыл – қозғалысын дамыту.	Асықтар. ойын ережесін түсіндіру	Көрсету, түсіндіру, айту.
Ұлттық ойын «Тақия тастамақ»	Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйрету.	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.	Көрсету, түсіндіру, айту.
Қорытынды	Жыл бойына алған білімдерін пысықтау Ұлттық дәстүрге тәрбиелеу	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.	Көрсету, түсіндіру, айту.
Барлығы:			36 сағат

	<p>Шеберліктерін дамыту.</p> <p>3. Ұлттық салт – дәстүрге деген ынта сезімін тәрбиелеу.</p>		
Ас қайыру	<p>Халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт – дәстүрін дәріптеу, соның бірі отбасының басты қызығы , алтын тіреу діңгегі – бала, сол балаларға дастархан басында иманды болуды, ас қайыру дегеннің қандай дәстүр екенін атадан балаға жеткізу.</p> <p>Ұлттық салт – дәстүрге деген ынта сезімін тәрбиелеу.</p>	Мазмұнды суреттер	Көрсету, түсіндіру, айту.
Бата беру	<p>Халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт – дәстүрін дәріптеу, соның бірі отбасының басты қызығы , алтын тіреу діңгегі – бала, сол балаларға дастархан басында иманды болуды, бата алудың не екенін атадан балаға жеткізу.</p> <p>Бата-тілек сөздердің ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан, қалыптасқан рәсімдік дәстүр екенін түсіндіру.</p> <p>Ұлттық салт – дәстүрге деген ынта сезімін тәрбиелеу.</p>	Мазмұнды суреттер	Көрсету, түсіндіру, айту.
Қайталау	<p>Балалардың өткен сабақтарда өткен тақырыптарға байланысты түсініктерін кеңейту, білімдерін тиянақтау.</p> <p>Таным үрдісін (қабылдау, зейін, ес, ойлау, сөйлеу) дамыту.</p> <p>а) білімділігі: өз ойын дәлелдей білуге дағдыландыру.</p> <p>ә) тәрбиелілігі: өз ұлтының салт дәстүрін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p>б) дамытушылығы: таным белсенділігін, зейінін, тілін дамыту.</p>	Тақырыптарға байланысты суреттер.	Көрсету, түсіндіру, айту.
Төрт түлік жыры	<p>1. білімділігі: өз ойын дәлелдей білуге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, білімдерін тиянақтау</p> <p>2. дамытушылығы: таным белсенділігін, зейінін, тілін дамыту.</p> <p>3. тәрбиелілігі: үй жануарларына сүйіспеншілік, қамқорлық сезіміне тәрбиелеу</p>	Үй жануарлары және олардың төлдерінің суреттері. , ұнтаспаға жазылған жануарлардың дыбыстары.	Көрсету, түсіндіру, айту.

	алтын тіреу діңгегі – бала, баланы бесікке бөлеу дәстүрін атадан балаға жеткізу. Бесік жырының маңызын ұғындыру. Жаңа технологияларды пайдалана отырып оқушылардың өз ойларын, пікірлерін еркін айтуға, дәлелдей білуге, сөйлеу мәдениетін, топпен жұмыс істеу, шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту. Пәнге қызығушылығын арттыру. Салт – дәстүрді құрметтеуге , адамгершілікке , мейірімділікке , тазалыққа тәрбиелеу.	дәстүрлері	
Бесікке бөлеу	1. Оқушыларға бесік туралы түсінік беру және жасалу жолдарын, бесік маңызын түсіндіру. Бесікке салу рәсімінің салт – саналық, тәрбиелік тәлімдік ережелерін, ұлағатты қасиеттерінің мәнін үйрету. 2. Ұлттық салт – дәстүрдегі ізгіліктер мен жақсылықтарды жаңғыртып, жалғастыруға, барды бағалауға үйрету. Бала дүниеге келгендегі ырымдар мен тыйымдарды үйрете отырып, балаларды халық мұраларын білуге, адамгершілікке имандылыққа тәрбиелеу. 3. Оқушыларды шеберлік, ұсталық қолөнері дағдыларын қалыптастыру. Ой – өрісін кеңейту. Ұқыптылық, ептілік, қасиеттерін дамыту. Түсіндіру, баяндау, үйрету.	Бесік, жасауы, жабдығы, суреті, нәресте киімінің тігілу әдістері, қанатты сөздер, бесік жыры	Көрсету, түсіндіру, айту.
Бесікті аластау	Халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт – дәстүрін дәріптеу, соның бірі отбасының басты қызығы , алтын тіреу діңгегі – бала, баланы бесікке бөлеу дәстүрін атадан балаға жеткізу. Бесік жырының маңызын ұғындыру. Жаңа технологияларды пайдалана отырып оқушылардың өз ойларын, пікірлерін еркін айтуға, дәлелдей білуге, сөйлеу мәдениетін, топпен жұмыс істеу, шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту. Пәнге қызығушылығын арттыру. Салт – дәстүрді құрметтеуге , адамгершілікке , мейірімділікке , тазалыққа тәрбиелеу.	Кітаптар, суреттер, «Қазақ халқының салт- дәстүрлері»	Көрсету, түсіндіру, айту.
Тұсау кесу рәсімі	1.Тұсау кесу рәсімімен таныстыру. 2. Есте сақтау қабілеттерін, ән салу, мәнерлеп оқу	Ала жіп, қайшы, «Қазақ дастарқаны»	Көрсету, түсіндіру, айту.

	3.Жиһаздары күтуге тәрбиелеу.		
Ұлттық тағамдар	Жаңа сабақты меңгерту Қазақтың асыл мұрасына жататын ұлттық тағамдармен тереңдете таныстыру.Қазақ ұлттының тұрмыстық мәдениетінің ізгілікті рухын сезіндіру.	ұлттық ыдыстар, тағамдар, суреттер, плакат.	Көрсету, түсіндіру, айту.
Ұлттық киімдер	1.Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы мағлұмат беру. 2.Балалардың сөздік қорын молайту, ұлттық сана-сезімін ояту, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3.Ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу.	шапан, қоржын, ұлттық киімдер үлгісі және суреттері,	Көрсету, түсіндіру, айту.
Ұлттық ою-өрнектер	Білімділігі: Оқушылардың ою - өрнек туралы түсініктері мен шеберлік дағдыларын қалыптастыру. Дамытушылығы: Есте сақтау қабілетін дамыту, қолөнерге қызығушылығын арттыру. Тәрбиелігі: Шеберлікке, үнемділікке тиянақтылыққа баулу, әдемілікті сезіне білуге, шебер адамдарын құрметтеуге, олардың еңбектерін бағалауға тәрбиелеу.	Ою өрнектердің түрлері	Көрсету, түсіндіру, айту.
Ұлттық аспаптар	Балаларды ұлттық аспаптармен таныстыру. Ұлттық аспаптарды бір бірінен ажырата білуге үйрету.	Аспаптар суреттері	Көрсету, түсіндіру, айту.
Қайталау	Балалардың өткен сабақтарда өткен тақырыптарға байланысты түсініктерін кеңейту, білімдерін тиянақтау. Таным үрдісін (қабылдау, зейін, ес, ойлау, сөйлеу) дамыту. а) білімділігі: өз ойын дәлелдей білуге дағдыландыру. ә) тәрбиелілігі: өз ұлтының салт дәстүрін бағалай білуге тәрбиелеу. б) дамытушылығы: таным белсенділігін, зейінін, тілін дамыту.	тақырыптарға байланысты суреттер.	Көрсету, түсіндіру, айту.
Әлди-әлди	Халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт – дәстүрін дәріптеу, соның бірі отбасының басты қызығы ,	Кітаптар, суреттер, Қазақ халқының салт	Көрсету, түсіндіру, айту.

	түсіндіру.Қонақ күтудің ерекшелігін , оған балалардың және отбасының әр мүшесінің қатынасын түсіндіріп, «қонақжайлық»,«меймандылық»деген сөздердің мағынасын түсіндіру.		
Менің отбасымның ұлттық тәрбиесі	Білімділік: Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, қонақжайлыққа үйрету, ұлттық әдептілік ережелеріне баулу. Дамытушылық: Бейнелі ойлауын дамыту. Отбасындағы өзара сыйластық қарым қатынасын дамыту. Тәрбиелік: Жанұя мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, оларды сыйлауға тәрбиелеу	Отбасылық суреттер, «Әдептілік – әдемілік»кітабы, өлеңжұмбақ, ойындар	Көрсету, түсіндіру, айту.
Қайталау	а) Білімділік: өткен оқу іс- әрекетінде өткізілген халық ауыз әдебиеті шығармасының түрлері жұмбақ,жаңылтпаш,мақал-мәтелдерді қайталау ә) Дамытушылық: халық шығармасының бұл түрлерін бір-бірінен ажырата білуін,мәнін терең ұғынып,мағынасын аша білуін,тілін дамыту. б) Тәрбиелік:оқушылардың халық ауыз әдебиеті шығармасы арқылы ұлттық сезімін оятып,кішіпейілділікке,ізеттілікке,адамгершілікке тәрбиелеу.	Дидактикалық материалдар	Көрсету, түсіндіру, айту, ойнау
Ұлттық ойындар	Қазақ халқының ертеден қалыптасқан, атадан-балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері туралы түсінік беру. Қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты екенін түсіндіру. Балаға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулу	Дидактикалық материалдар	Көрсету, түсіндіру, айту, ойнау
Ұлттық жиһаздар	1.Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, түсі көк , төрт аяғы бар) үйрету; 2.Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді үйрету Баланың зейінін, логикалық ойлауын, тілін дамыту;	Суреттер	Көрсету, түсіндіру, айту.

	жылдамдыққа тәрбиелеу. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	ана, аю, бала.	түсіндіру, айту.
Өтірік өлең	1.Өтірік өлеңнің мазмұнын түсіну, шығармашылық жұмыстар арқылы оқушының ой- қиялын дамыту. 2. Өтірік сөзінің адам өміріне пайдалы және зиянды жақтарын түсіну,бар ақпаратты пайдаланып жұмыс істеуге, шапшаңдыққа, бір – бірлерін тыңдауға үйрету 3.Адалдыққа , шыншылдыққа тәрбиелеу	Өтірік өлеңдер жинағы	Көрсету, түсіндіру, айту.
Ырым- тыйымдар	Балаларға ата- бабамыздан жалғасып кележатқан ырымдар жайлы айтып, олардың бірнешеуімен таныстыру. Балалардың ой өрісін, шығармашылығын,тіл байлығын дамыту Балаларды жан-жақтылыққа, ұқыптылыққа,тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Ырымдар мен тиымдар жинағы, суреттер	Көрсету, түсіндіру, айту.
Халық болжамдары	1. Ауа райындағы халық болжамдары жайлы түсінік беру. 2.Ой-өрісін,сана-сезімін,дүниетанымын дамыту. 3.Мейірімділікке,шынайылыққа,адалдыққа,табиғаттың бір бөлігі құстарды аялауға тәрбиелеу.	Мазмұнды суреттер	Көрсету, түсіндіру, айту.
Жеті ата	1. Білімділігі: Оқушыларға жеті саны киелі екенін ұғындыру 2. Дамытушылық: сөздік қорын байытып, қабілеттерін арттыру 3. Тәрбиелігі: Ата - баба аруағына тәу етіп, адамгершілікке тәрбиелеу	Мазмұнды суреттер Ата, әке, бала	Көрсету, түсіндіру, айту.
Жеті қазына	Балаларды жеті санының киелі екенін, мысалдар арқылы, жеті суреті бойынша ажырату. Жеті қазынаны атауға, еліне елеулі қызмет жасайтын азамат болуға, айтылған ертегі бойынша анық сұраққа жауап беруге дағдыландыру, ертегі арқылы анық, мәнерлі сөйлеуге үйрету. Қазақ халқының салт - дәстүрін, әдет - ғұрпын қастерлеп, дәріптеуге тәрбиелеу.	Суреттер	Көрсету, түсіндіру, айту.
Қонақ күту	Қонақ күту-қазақ халқының дәстүрлерінің бірі екенін, ол адамдар арасындағы қатынастың көрінісі екенін	Мазмұнды сурет, плакат, көрініс.	Көрсету, түсіндіру, айту.

Тақырыбы	Мақсат - міндеті	Қолданылатын көрнекіліктер	Әдіс - тәсілі
Мақал-мәтелдер	<p>Мақал - мәтелдер жөнінде ұғымдарын қалыптастыру, мақал – мәтелдер өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырған халықтың ақыл өсиеті екенін, мақал мен мәтелдің айырмашылығын түсіндіру.</p> <p>Балалардың ақыл-ой белсенділігін арттыру.Өлең,мақал-мәтелдер арқылы тіл байлығын дамыту.</p>	Мақал-мәтел жинақтары, суреттер	Көрсету, түсіндіру, айту.
Шешендік сөздер	<p>Шешендік сөздер, аңыз әңгімелер, ертегілердің қойылымдарын жасап, оларды сахналаудың жеке тұлғаның қалыптасуына әсері мен ықпалы, тәрбиелік мәні ерекше.</p> <p>Шешендік көркем сөздер мен мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар баланы мәнерлі, көркем сөйлеуге, шешендікке үйретеді, адамгершілікке, сұлулыққа, тапқырлыққа, еңбек сүйіспеншілікке тәрбиелейді.</p>	Мақал-мәтел жинақтары , суреттер	Көрсету, түсіндіру, айту.
Жаңылтпаштар	<p>Балалардың халық ауыз әдебиетінің бір саласы-жаңылтпаштар туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Сөздің дыбысталуын нақышына келтіре дұрыс , тез, шебер айта білуге жаттықтыру.</p>	Жаңылтпаштар жинағы, суреттер	Көрсету, түсіндіру, айту.
Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер	<p>Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық сәндік-қолданбалы өнер түрлері: зергерлік бұйымдар, ұлттық киімдер, киіз үй жабдықтары мен оның жасау-жиһаздары мен оларды өрнектеген ою-өрнек түрлерін таныстыру. Халықтың шеберлігін, ұлттық ою-өрнектерінің әсемдігін көре білуге тәрбиелеу</p>	Ұлттық сән бұйымдар суреттері	Көрсету, түсіндіру, айту.
Жұмбақтар	<p>Балаларға жұмбақ туралы білім беру. Шығармашылық халық ауыз әдебиетімен таныстыру. Ой - өрісін дамыту. Тіл байлығын жетілдіру. Оқу іс - әрекетіне деген қызығушылығын арттыру. Сөздік қорын байытып, сөйлемнің дұрыс грамматикалық қатарын құру.</p>	Суреттер	Көрсету, түсіндіру, айту.
Санамақтар	Балаларды санамақтар айтуға үйрету. Ұқыптылыққа,	Суреттер,ата, әже, әке,	Көрсету,

Түсінік хат

Өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында ұлттық сананы қалыптастыру. Жаңа оқу-тәрбие үдерісіне бағыттау, баланың бойында әлемдік мәдениетте өз ұлтының, этностың рөлі туралы түсінігін дамыту. Ұлттық салт-дәстүрлер арқылы балаға ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік, дене, денсаулық, еңбек тәрбиелерін беру, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Халық ауыз әдебиеті арқылы ұлттық сезімін ояту. Қазақ халқының өнері туралы түсінігін кеңейту. Жұмбақ, жаңылтпаштар, санамақ айту арқылы балалардың ойлау қабілетін, сөздік қорын, тілін дамыту.

Бабалардан қаған ұлағатты, ғибрат аларлық сөздерді ұғындыру, сол сөздерден өнеге алуға баулу. Зеректікке, ептілік пен икемділікке баулу.

Балаларды Отанын, туған жерін, ана тілін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық тәрбиені насихаттай отырып, мейірімді, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу. Өз ұлтының өнерін, салт-дәстүрін білуге тәрбиелеу.

Баланың ақлын тәрбиелеу оның танымдық қабілеттерін жан-жақты дамыту, әртүрлі түсінулердің кеңдігі мен сезімталдығын, байқағыштықты, естің түрлерін жаттықтыруды, ойдың елестетуін ынталандыруды талап етеді. Мысалы: жұмбақтар халық педагогикасында осы талапты жүзеге асырудың аса құнды дидактикалық материалы болып табылады. Олар баланың ойлауын дамытуға ықпал жасайды.

«Халықтық педагогика-тәрбие өзегі» вариативтік компоненттің мақсаты:

Отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген, саналы жасты тәрбиелеу. Сондай-ақ, халықтық тәрбие түрлерін жас бүлдіршіндердің бойына сіңіртіп ілім, білік дағдыларын дамыту, сөйтіп дене еңбегіне де, ой еңбегіне де қабілетті, жан-жақты жетілген азамат етіп шығару. Ол басқа тәрбиелермен қатар жүргізіліп, балалардың қайрат-жігерін, ақыл-ойын халықтың өнер туындылары негізінде оқытып, тәрбиелеу арқылы іске асырылады.

«Халықтық педагогика-тәрбие өзегі» вариативтік компоненттің міндеттері:

1. Қазақ халқының тарихы, ұлттық өнері, ұлттық ойыны, ұлттық аспабы, ұлттық киімі т.б. туралы қызуғушылықтарын дамыту.
2. Қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуы туралы қабілеттерін дамыту.
3. Отанына, туған жеріне, ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.

«Халықтық педагогика-тәрбие өзегі» вариативтік компонент аптасына 1 рет, жылына 36 сағат.

КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы



**№1 педагогикалық кеңес шешімімен
"Бекітілді"**

Бөбекжай-бақша директоры

С.Ж. Жанкешова

С.Ж.Жанкешова

**№12 «Ақ бота» мектепалды даярлық тобының
«Халықтық педагогика – тәрбие өзегі»
вариативтік компонент
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

2020-2021 оқу жылы